

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 150х қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 473-қосымшада :

2-тармақ "Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 253 қаулысы " деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру шараларының жоспары" деген 6-тармақтың кестесіндегі 5-баған мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызды жобаларын іске асыруы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі